

Кесар тілігі



Орындаған 402/3

Кесар тілігі деген не?


- Әйел табиғи жолмен, өздігінен босана алмаса немесе әйел мен сәбидің өміріне қандай да бір қауіп төніп тұрса (мысалы, босану кезінде оттегі тапшылығы), кесаре тілігі жасалады. Ол дегеніміз жүкті әйелдің ішін жарып, нәрестені сол кесілген (тілінген) жер арқылы шығарып алатын хирургиялық операция.

Операция алдын ала жоспарланған түрі

- Алдын ала жоспарланған кесар тілігі жүктілік кезінде дәрігерлер әйелдің табиғи жолмен босана алмайтынын болжаған жағдайда жүргізіледі. Ол төмендегі жағдайларда жасалады:
- — жолдастың дұрыс орналаспауы;
- — кез келген операциядан кейінгі тігістердің қанағаттанарлықсыз жағдайы немесе жатыр қабатында бірнеше операциялық тігістердің болуы;
- — жатыр миомасы;
- — жамбас сүйегі тар болса (баланың басының диаметрі анасының жамбас сүйектердің арасындағы саңылаудан үлкен болса, осындай диагноз қойылады);
- — баланың туылуына кедергі келтіретін жамбас сүйектерінің деформациясы;
- — шат сүйектерінің алшақтығы (айқын симфизит);
- — гестоздың ауыр түрі;
- — онкологиялық, жүрек-қан тамырларының, жүйке жүйесінің, эндокриндік аурулар, т.б.;
- — миопияның ауыр түрі (көздің нашар көруі);
- — ұрықтың жатырда көлденең немесе керсінше жатуы;
- — ұрықтың артық (3,6 кг артық) немесе жеткіліксіз салмағына (1,5 кг төмен) сәйкес жамбас алдында жатса;
- — ұрықтың салмағы 4 кг артық болғанда жүктіліктің асқынуы;
- — 30 жастан асқан әйелдің жүктілігінің асқынуы (қиындауы);
- — ұзақ уақыттан кейінгі бедеуліктен соң жүкті болғанда туындаған асқынулар (оның ішінде жасанды түрде ұрықтандыру нәтижесі де бар);
- — ұрықтың созылмалы оттегі жетіспеушілігі (гипоксия), әдетте анасы ауырғанда және жүктілік кезінде өмір салтын дұрыс сақтамаудан пайда болады;
- — ұрықтың гематологиялық ауруы (резус-конфликт кезінде);
- — анасында генитальды ұшықтың (герпес) асқынуы;
- — уақытына жеткен (9 ай толған) жүктілікті тоқтату қажеттілігі туындаса;

Шұғыл түрде жасалған кесар тілігі

- Шұғыл түрде жасалған кесар тілігі жүктілік кезінде әйелдің немесе сәбидің өмірі мен денсаулығына байланысты немесе босанатын уақыты басталғанда аяқ астынан қауіп туындаса жасалады. Ол төмендегі жағдайларда жасалады:
- — жолдастың уақытынан бұрын қатпарлануы (босанатын уақыты басталған кезде);
- — әйелдің туу әрекетінің әлсіздігінен;
- — туу әрекеті болмаған жағдайда ұрық маңайындағы судың ағып кетуі;
- — ұрық туылмай тұрып, кіндігінің ілмектерінің түсіп қалуы;
- — ұрықтың ауыр гипоксиясы;
- — ұрықтың басының дұрыс орналаспауы (бетімен немесе маңдайымен жатса).



Кесар тілігін жасау үшін босанушы әйелдің келісімін алу қажет. Егер ол келісім бермесе, операция дәрігердің көрсеткіштеріне байланысты жасалады, міндетті түрде босанушының медициналық карточкасына барлық жағдайлар жазылады. Кесар тілігі жасалғаннан кейінгі әйелдің жағдайы Алғашқы 6-12 сағат бойы әйел өзінің бойында наркоздың әсерін сезінеді. Ерте жасалған операциялық кезеңнен кейін әйел реанимация бөлімінде немесе интенсивті терапия палатасында жатады.



Егер операция ешқандай асқынуларсыз жасалса, онда келесі күні әйел реанимациядан босанғаннан кейін жататын палатаға ауыстырылады (баласын жанына береді). Егер ешқандай қауіп туындамаса, баланы анасымен бірге әдетте 6-7-ші күні шығарады. Оның алдында 4-5-ші күндері тігістерін алады. Кесар тілігінен соң сәбиді табиғи жолмен тууға бола ма?

Иә. Ешбір қауіпсіз өткен кесар тілігі операциясы келесі сәбиді табиғи жолмен дүниеге әкелу мүмкіндігінен айырмайды. Алайда жатыр қабатындағы тігістің бітіп кетуіне шамамен екі жылдай уақыт қажет, сондықтан кесар тілігінсіз сәбиді дүниеге әкелуді үш жылдан соң жоспарлауға болады

Қазіргі кезде бес нәрестенің біреуі дүниеге кесарь операциясы арқылы келеді және үш жағдайдың екеуінде бұл операция жоспарланбайды.



Операциядан кейінгі ауруды басатын

- Кесарь операциясынан кейін ауруды басатын бірнеше әдістер бар:
- Аймақтық әдіс: жұлын және эпидуральді анестезия кезінде Сізге ұзақ уақытты әсері бар ауырсынуды басатын препаратты еңгізуі мүмкін.
- Кейбір ауруханаларда эпидуральді катетер (жоғарыда аталған) операциядан кейінгі ауырсынуды басу үшін бірнеше уақытқа қалдырады.
- Айланшыққа салынатын суппозиторий жиі хирургиялық араласудың соңында салынады.
- Ауырсынуды басатын дәріні бұлшықетке беру.





11/11/2011 10:11:11 AM

11/11/2011 10:11:11 AM